

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы

СӨЖ

Тақырып: Параллелометрия

Орындаған: Шадиева И.Н

4-004 стом

Қабылдаған: Аубакиров С.Е

Қарағанды 2015

Жоспар



- Параллелометрия анықтамасы
- Параллелометр құрылысы
- Параллелометрия әдістері
- Ырықты әдіс
- Тірек тістердің ұзына бойы еңкеюінің орталық бұрышы бойынша параллелометрия
- Логикалық әдіс

Параллелометр



Параллелометр – жақтың екі не одан көп тістері осьтерінің салыстырмалы параллельдігін , межелік сызықтың орналасуын және кламмердің түрін , орналасу орнын анықтайтын құрал. Ол ауыз қуысында протезді сенімді бекуін және еркін енгізіп шығарылуын қамтамасыз етеді .Ортопедиялық стоматологияда параллелометр аппаратын 1918 жылы Fortunati алғашқы болып қолданды .



- Параллелометр стерженьдер жиынтығымен жабдыкталған, олар-талдайтын стержень, өлшеуге арналған түрлі диаметрлі дискілері бар стержень ,артық балауызды сүртетін ұстарадан тұрады .



Параллелометрия әдістері





Протезді енгізу және шығару жолдары .


Енгізу жолы дегеніміз – протездің кламмерлі элементтерінің тірек тістерімен протез орнының тіндеріне дейін бастапқы жақындасуы кезіндегі жылжуы , бұдан кейін окклюзиялық бастырмалар өз орындарына орнатылады , ал негіз протез орнының бетіне дәл түседі .

Протезді шығару – оның кері бағыттағы қозғалысы , яғни ол негізді протез орнының шырышты қабатынан алудан басталып , тірек және бекіту элементтерінің тірек тістермен қатынасының толық аяқталуымен бітеді .



- Жалпы экватор сызығы тіссауыттың беткі қабатын екі аумаққа бөледі : тірек аумағына –ол экватор сызығы мен окклюзиялық беттің аралығында ,ретенциялық аумақ экватор сызығы мен тіс мойыншасын арасын қамтиды .
- Кламмердің серпімді ретенциялық аумақта орналасқаны жөн , керісінше ,кламмерлердің қатты тірек элементтері тек тірек аумағында ғана орналасады . Тістегі тірек және ретенциялық аумақтар шамасы экватор сызығының орналасуына байланысты ,мұның өзі параллелометрия өткізгенде модельдің еңкею бағытына тәуелді .





параллелометрияда
модельдің еңкею
бұрышын таңдауда



Ырықты әдіс

Тірек тістердің ұзына бойы
еңкеюінің орталық бұрышы
бойынша


Логикалық әдіс

Ырықты әдіс



- Ырықты әдіс . Беріктігі жоғары ғаныштан құйылған модельді тістің окклюзиялық жазықтағы стержень грифеліне перпендикуляр түрінде параллелометр үстеліне орнатады . Содан соң әр бір тірек тіске параллелометр грифелін жақындатып ,межелік сызықтарын белгілейді . Осы әдістің межелік сызығы тістің анатомиялық экваторына сай келмеуі мүмкін , себебі сызықтың орны тістің табиғи еңкеюіне байланысты болады . Сондықтан жеке тістерде кламмерлерді орналастыру үшін жағдай қолайлы болмайды .







- Ырықты әдістің басты міндеті –тіркек ұстағыш кламмерлерді протезге түсетін шайнау жүктемесі мүмкіндігінше тірек тістерінің тік осі арқылы берілетіндей етіп орналастыру ,яғни шайнау қысымының көлденең компонентін неғұрлым азайтуға тырысу . Бұл әдіс тірек тістер аз болғанда қолданылады . Берік ғаныштан құйылған ,талданып отырған модель барлық клиникалық талаптарға жауап беріп ,модель іргесінің бүйір және артқы жарлары өзара перпендикуляр болуы тиіс : артқы қабырғасы фронтальды жазықтықта ,бүйір қабырғалары сагитальды жазықтықта .

Тірек тістердің ұзына бойы еңкеюінің орталық бұрышы бойынша параллелометрия



Бұл әдіс бойынша алдымен ғаныш модель параллелометр үстеліне бекітіледі, модель еркін еңкеюі үшін қысу винтін босатады, штативке талдаушы стержинді жақындатады, модельді еңкейтіп, тістің тік осінің фронтальды жазықтықта талдаушы штифтінің осімен дәл келуіне қол жеткізеді, үстелді осы күйде бекітіп, тірек тісі осінің белгілі бағытын жақ сүйек моделінің артқы іргесіне келтіреді. Осылай барлық тірек тістер остерінің бағытын фронтальды жазықтыққа көшіреді, содан соң аталған жазықтықтағы тірек тістері осі еңістігінің орталық бұрышын геометриялық тұрғыдан анықтап, қарындашпен қоршай сызады.



- Осылай әрбір тірек тістің тік осінің еңістігін сагитальды жазықтықта анықталады да ,іргенің бүйір бетіне көшіріледі .
- Тірек тістердің тік осьтері еңісінің орта бұрышы бойынша модельге бағдар беру үшін,оны алдымен фронтальды жазықтықта штифт-талдауыш фронтальды жазықтықта модельдің артқы іргесінде еңістігін белгілі орта сызығымен дәл келгенше еңкейтеді,одан кейін модель еңісінің «фронтальды» және «сагитальды» сызықтарымен дәл келуін тексереді.Егер үлгі анықталған бағдарларға дәл сәйкестенсе, штифт-талдауыш графит белгілеушісі бар стерженьмен ауыстырылады да,параллелометрияның өзін өткізеді.Тірек тістерде жалпы экватор сызығы сызылады.Ол үшін грифельді әрбір тірек тісіне жақындатады,грифель ұшы қызыл иек шеті деңгейінде тұрады да жалпы экватор сызығын вестибулярлы,сосын ауыз бетінде сызып шығады.Модельді үстелден түсіреді,жұмсақ қарындаш не фломастермен алынған шолу сызығы қоршалады.

Логикалық әдіс



- Егер тірек ұстағыш кламмерлерді күлгенде көрінетін тістер тобында орналастыру қажет болса ,онда эстетикалық тұрғыдан тірек тістер мойыншаларына шолу сызығын неғұрлым жақындатқан мақсатқа лайық. Ол үшін модельдің артқы еңісін қолданады, яғни модельді артқа еңкейтеді . Модельдің бүйірге еңкеюін жақ сүйектің екі жартысындағы тірек тістердегі ретенция дәрежесін біртекті тарату үшін таңдайды . Тістерді еңкейтудің мұндай әдісі шендейтін доғалы протезді дайындағанда көрсетілген. Параллелометрде доғалықпен қатар пластиналы протез үлгілерінде зерттеген пайдалы .



- Межелік сызық белгіленіп ,протездің енгізілу жолы анықталғаннан кейін ,доғаның ,кламмерлердің тырнақ тәрізді өсінділердің орналастырылуын қарастырылады. Олар протезді енгізуге кедергі болмауы тиіс .Содан барып модельде протез қаңқасының суреті сызылады .



Пайдаланылған әдебиеттер



- Ортопедиялық стоматология пропедетикасы (С.Р. Рузуддинов ,А.А.Седунов).
- Google.ru
- ортопедическая стоматология. Н.Г.Аболмасов.